



Сыр бойы

№59
(19737)
25 СӘУІР,
БЕЙСЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН ҰЛАҒАТЫ

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының залында ҚР Ұлттық Ұланың ән-би ансамблі сырбайлықтар назарына үш күндік концерттік бағдарламасын ұсынды. Оған облыс әкімінің орынбасары Руслан Рустемов қатысты.



4»



СЫНДАРЛЫ СӘТТЕ ЕЛ СЕНІМІ СЕРПІН БЕРЕДІ

Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезі өтті.

Кезектен тыс өткен XIX съездің күн тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті сайлауына «Nur Otan» партиясының атынан үміткер ұсыну жөніндегі мәселе қаралды.

Партияластарының алдында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ауыр дағдарыс жағдайында басталған тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру жолы оңай болмағанын еске салды.

«Экономиканың жаппай күйреуі халықтың басым көпшілігін күйзеліске ұшыратты. Көптеген сарапшылар этносаралық шиеленістер мен қақтығыстар болады деп болжам жасады. Бірақ, біз өзіміздің егемен елімізде бейбітшілік пен келісім жағдайында өмір сүруге лайықты екенімізді бүкіл әлемге дәлелдедік. Менің «алдымен экономика, сосын саясат» деген негізгі қағидатым дұрыстығын дәлелдеді, – деді «Nur Otan» партиясының Төрағасы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті дұрыс жүргізілген саясаттың арқасында еліміздің посткеңестік кеңестіктегі қарқынды дамып келе жатқан мемлекетке айналғанын айтты.

«Nur Otan» партиясының Төрағасы жолдардың құрылысы мен қайта жөндеуінің зор нәтижелерін атап өтіп, Тәуелсіздік жылдарындағы қазақстандықтардың табысының өсіміне тоқталды.

«Біз үшін ең қиын болған жылдарда мен мыңдаған жас қазақстандықтарды әлемнің үздік университеттеріне жібердім. Бүгінде озық білім беру жүйесін Қазақстанда қалыптастырамыз. Оның өзегі Назарбаев зияткерлік мектептері мен Назарбаев Университеті болмақ, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев денсаулық сақтау ісі мен мәдениет саласындағы жетістіктерге де тоқталды.

«Маған өз халқыммен бірге тәуелсіз Қазақстанды құру мәртебесі бұйырғанын мақтан тұтамын. Қиын заманға қарамастан халқым менің бастамаларыма әрдайым



қолдау көрсетті. Соның арқасында біз барлық нәтижелерге қол жеткіздік. Мен еліміздің халқына ризашылығымды білдіремін, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Сонымен қатар, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Қазақстанның одан әрі табысты дамуын біздің бағдарымыздың сабақтастығы ғана қамтамасыз ететінін айтты.

«Төртінші өнеркәсіптік революция талаптарына сәйкес елімізді технологиялық және инфрақұрылымдық тұрғыдан дамытудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Цифрландыру және инновацияны өңдеу есебінен өңбек өнімділігі мен экономиканың бәсекеге қабілеттілігі артты. Осы ауқымды жұмыстардың бәрі бүкіл қазақстандықтардың әлауатын арттыруға бағытталған, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев Конституция бойынша өзіне бекітілген өкілеттіліктерге сәйкес Отанымызды өркендету үшін жұмыс істей беретінін айтты.

«Мен төраға болып қала беретін Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында атқаратын жұмыс көп.

«Қоғамдық келісім мен ұлттымыздың бірлігін нығайту үшін ісімізді жалғастыра береміз. Қауіпсіздік Кеңесін басқара отырып, мен өзіміздің көпжылдық тәжірибемді ішкі және сыртқы саясатты анықтай отырып, елімізді дамытудың бірқатар негізгі мәселелерін шешуге бағыттаймын. Мен бұрынғысына ең ірі «Nur Otan» саяси партиясының Төрағасы болып қала беремін, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев таңдап алған саяси және экономикалық бағдар сабақтастығының сақталуына партия кепіл болуға және белгіленген міндеттердің бәрін жүзеге асыруға тиіс екенін айтты.

«Жаңғырудың тиімділігін, соның ішінде партияның «Бақытты отбасы», «Құтты мекен», «Ауыл – Ел бесігі» және «Халыққа көмек» жобаларын жүзеге асыру аясында әрбір қазақстандықтың сезінуіне қол

жеткізуіміз керек, – деді «Nur Otan» партиясының Төрағасы.

Тұңғыш Президенті қазақстандықтардан өз атына көптеген хат келіп жатқанын айтып, қазақстандықтардың достығы мен құқықтарының теңдігі өзгермейтініне сенім білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев Қасым-Жомарт Тоқаевты еліміздегі жоғары лауазымға лайықты үміткер екенін айтып, оның Отан алдындағы сіңірген еңбегі мен жеткен жетістіктеріне тоқталды.

«Қасым-Жомарт Тоқаев менімен бірге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ізметтің түрлі саласында жұмыс істеді. Ол – ұзақ жылдар Сыртқы істер министрілігіне жетекшілік етіп, Қазақстанның сыртқы саясатын бірге қалыптастыруға атсалысқандардың бірі. Оның дипломатиялық дәрежесі шетелде жоғары бағаланады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас хатшысының орынбасары болғанын және тәжірибелі мемлекет саясаткері

екенін жақсы білесіздер, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Сондай-ақ, Елбасы республикалық қоғамдық сайлау штабының жұмысын үйлестіруді тапсырып, азаматтардың барлық санатымен жұмыс жүргізудің қажеттілігіне назар аударды.

Сонында Қазақстанның Тұңғыш Президенті қазіргі жағдайда тұрақты дамып, өсіп-өркендеу үшін халықтың бірлігі бекем болуы және барша қазақстандықтардың бірлесе күш-жұмылдыруы қажет екенін атап өтті.

«Біз бұл кезеңді еш қиындықсыз еңсеретінімізге сенімдімін. Біздің мақсатымыз – халқымыздың әлауатын арттыру және елімізді одан әрі ілгерілету. Мемлекетке құрмет көрсету, азаматтардың бір-бірін сыйлауы – тұрақтылықтың белгісі, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Баспасөз қызметі.

СҮЙІНШІ!

ҮШЕМ КЕЛДІ ӨМІРГЕ

Өңірімізде биылғы жылдың алғашқы үшемі дүниеге келді. Жаңақорған ауданы Қожақент ауылындағы Үсеновтер отбасында үш қыз дүниеге келді. Оларға Мәдина, Әдиля және Фатима деген есім берілді. Отағасы 35 жастағы Өмірбек жеке кәсіпкер, отанасы 27 жасар Камила ауылдық әкімдікте жұмыс жасайды.

Айгүл БАТТАЛОВА.



Аман-есен аяқ-қолын бауырына алған Камила Шайжанова ауруханада он күн жатты. Осы уақытта ол мерзімінен бұрын туылған сәбилерімен бірге дәрігерлер бақылауында болды.

«Жүктіліктің 11 аптасында кезекті УДЗ-ға түстім. Сонда маған құрсағымда үш сәби бар екенін айтты. Жолдасым екеуіміз сенер-сенбесімізді білмедік, бірақ Алланың берген сыйы ғой, қатты қуандық. Жүктіліктің 34 аптасында облыстық перинаталды орталыққа келдім. Осындағы мамандардың көмегімен аман-есен босандым. Нәрестелердің салмағы екі келіден сәл ғана асып туылды. Қазір жағдайлары жақсы, – дейді Камила.

Үсеновтер отбасында енді бес қыз бала болды. Тұңғыштары Айару бес жаста болса, Райана – үште.

Үшемге аудандық аурухана және ауыл әкімі балалар арбасы мен киім-кешектер сыйға тартты. Айта кету керек, бұл Жаңақорған ауданында соңғы сегіз жылда өмірге келген үшінші үшем екен. Ал облыста жыл басынан бері 28 егіз дүниеге келген.

ТАЛЛИНН МЭРИ АЙМАҚ БАСШЫСЫНА АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Эстония астанасы Таллин қаласының мэрі, Сыр өңірінің тумасы Михаил Кылварт Қызылорда облысының әкімі мен жерлестеріне жылы лебіздері үшін алғыс білдірді.

Бұған дейін Михаил Кылварт Таллин қаласының мэрі болып сайланғанын хабарлаған едік. Осыған байланысты облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Михаил Кылвартқа құттықтау жеделхатын жолдаған бола-

тын. Жеделхатқа жауап берген М.Кылварт аймақ басшысы мен жерлестеріне құттықтауы мен ізгі тілектері үшін алғысын білдіріп, туған жері Сыр өңірінің өркендеуіне тілектестігін жеткізді.

BIGINGI SANDA

АҰҰЛДАҒЫ АҰҚЫМДЫ АКТСИА



2»

ORTAMYZDYŇ SHYRAҒY EDI

3»

КАСИП

БЕРЕКЕЛІ «BALQAIMAQ»

Быттыр «Даму» қоры арқылы қаржылық қолдау алуға жеке кәсіпкерлер өз өтініштерін беріп, олардың ішінде 387 жоба қолдау тапқан. Бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 168 жобаға ұлғайып, 130%-ке өсіпті. 2019 жылдың 1 тоқсанында 75 жоба ұсынылған.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Аталған қор «Бизнестің жол картасы-2020», «Бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы», «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы арқылы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау арқасында нарыққа белсенді түрде бейімделі келеді. Быттыр осы бағдарламалар негізінде барлығы 10043,1 млн теңге сомасында 154 жоба қаралып, мақұлданды.

Соның бірі – облыс орталығында быттыр ашылған «BALQAIMAQ» кешені осы талап деңгейіне сай келеді. Жеке кәсіпкер Жібек Мұхимова отбасылық кәсіпті өзгелер секілді үй жағдайында бастаған. Кейін үйдегі кәсіпті заман талабына сай етуді мақсат еткен кәсіпкер ең зур елі ыңғайлы ғимарат құрылысын бастауды ойлап, тәуекелге бел буады. Кәсіпті дамытамын дегенге қолдау табылатын уақытта бұл жұмыс та соншалықты қиындық туғызбайды. «Даму» қоры арқылы быттыр «Нәтижелі жұмыспен

қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы шеңберінде жылдық 6% төмен мөлшерде несие алған кәсіпкер екіқабатты ғимарат салып, сүт өнімдерін қайта өңдеу талабына сай етіп жабдықтады. Яғни, бұл кешеннен сүт өнімдерінің түр-түрін табасыз. Сүт, қатық, ірімшік, қаймақ, саумал, шұбат, қымыз, тіпті балқаймаққа дейін бар. Әрине, балқаймақ дегенде елең ете қалатындар көп. Себебі, бүгінде бұл тағам түрі ұмытылып бара жатыр.

«Мақсат – сүт өнімдерін қайта өңдеп сату ғана емес, қазақтың ұлттық тағамдарын қайта жаңғырту. Өзіміз де көп іздендік. Ел ішінен балқаймақты дәмді етіп жасай алатын жерлерді іздеп тауып, үйрендік. Аралдың шұбаты мен Бесарықтың құрты мен женті бізде тұр. Табиғи болған соң біздің өнім тұрғындар арасында сұранысқа ие. Сонымен қатар дастарханымыздан жоғала бастаған басқа да ұлттық тағамдарды жасап, насихаттағымыз келеді. Олардың жасалу технологиясын да бүгінгі буынға үйрету жолында жұмыс істейміз, – дейді сауда кешенінің әкімшісі Фархад Сұлтанбеков.

Айта кетелік, «BALQAIMAQ» кешенінде тұрақты екі адам жұмыс жасауда. Алдағы уақытта сұранысқа сай жұмыс орны көбейе түспек.



ҚАДРАЛІ ОҚЫРМАҢ!

2019 жылдың екінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны жүргізілуде.

Облыстық "Сыр бойы" газетіне жазылу бағасы: **жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.**

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

Сертікестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және «Сыр медиа» ЖШС-ның (Баспасөз бөлімі) «С. Бейбарыс көшесі, 4-А» мекен-жайында жазылуға болады. Қызылорда және Ақтөбе мекен-жайына келу үшін мұндағы жазылу бағасына қосымша бағам қосылуы қажеттілігіне ескеріліп отырады.

2-бет

ҮНДЕҮГЕ ҮН ҚОСТЫ

9 МАУСЫМ –

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ КҮНІ

Елімізде өтетін кезектен тыс Президент сайлауына зиялы қауым өкілдері қолдау білдірді. Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада бас қосқан елге белгілі азаматтар саяси науқанға қатысты өз пікірлерін ортаға салды.

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ҚОЛДАУЫ

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Басқосуға қоғам қайраткері, облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі Бакберген Досманбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Бағдат Кәрібозұлы, облыстық мәжіліс депутаты, Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясының құрылтайшысы Шакиязда Әбдікәрімов, қоғам қайраткері Ержан Уәліс және өңірдегі үкіметтік емес ұйым жетекшілері қатысты.

Шараны жүргізген «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Нұрлыбек Мынжас мемлекет тарихындағы үлкен саяси оқиғаны әлемдік сарапшылар оң баға беріп жатқанын атап өтті.

Кезектен тыс Президент сайлауына еліміздегі барлық партиялар өз үміткерлерін таңдады. Біздің барлық үміткерлерге қолдау білдіруміз – демократиялық үрдістің, бірігудің белгісі. Кай кезде де елдің біртұтастығын қолдауымыз керек, – деді ол.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев сайлау ел бірлігін бекем ете түсетіндігін айта келіп, ел болашағына таңдау жасайтын науқанға біркісідей атсалысуға шақырды.

Уақыт өте келе аға толқынның ізін басар жана буынның келуі заңдылық екенін атап айтқан қоғам қайраткері Б.Досманбетов елге таңдау жасауға мүмкіндік беретін сайлаудың өтуі, үміткерлердің ұсынылуы заңдылық екенін, ең бастысы, елдің ауызбіршілік таны-

тып сайлауға атсалысуы маңызды екенін, бұл орайда қазақ елі мұндай шараға ерекше жауапкершілікпен қарайтынын атап өтті.

Шарада белгілі ақын Шакиязда Әбдікәрімов жаңа кезеңге бастайтын науқаннан шет қалмауға шақырып, тіпті өлемен үндеу тастады.

– Біз үлкен жолдың басында тұрмыз. Билығы көктем ерте келген көктем болды. Айдан амандық, күннің күмәнділігі сияқты, жанарудың болатыны, алдыңғы толқынның кейінгі толқындары жағалауға жетелеуі заңдылық. Біздің мақсатымыз – барлық демократиялық партиялардың үміткерлеріне келергі келтірмей, барлығын бірдей қолдау. Жас күнімізде ата-анамыз сайлауға тойға бара жатқандай дайындалатын. Біз де ел болашағы үшін дұрыс таңдау жасауға жүрек қалауымен барайық, – деді ол.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кәрібозұлы ғылымды дамыту кай кезде де өткір мәселе екенін атап айтты, алдағы уақытта осы мәселеге маңыз берілетініне сенім білдірді.

Қоғам қайраткері Ержан Уәліс тәуелсіз мемлекетті 30 жыл басқарған Елбасының өлшеусіз еңбегін атап өтті. «Бұл сайлау бір ауылдың немесе бір облыстың емес, мемлекеттің басының сайлауы. Бұрын сайлау бір мереке сияқты әсер беретін. Бұл сайлауға жасың көңіл-күйімен, барша ел белсенділігімен атсалысың деп сенемін» деді.

Басқосу зиялы қауымның елді алдағы сайлауға біркісідей қатысу, елдегі тұрақтылық пен бірлікті қолдауға шақырған үндеуіндегі болды.

БОЛАШАҚҚА БАТЫЛ ҚАДАМ

Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінде «Жастар баянды болашақты таңдайды» атты дөңгелек үстел өткізілді. Жыныс колледж оқытушылары мен студенттері қатысты.

Шынар БЕКБАН.

Бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыруда жастардың ролі ерекше. Сондықтан кейінгі толқын қоғамдағы кез келген құбылысқа бейжай қарамайды. Алда болатын Президент сайлауына белсенді қатысуға шақырған жастардың бүгінгі бастамасы осының айғағы.

Шара барысында арнайы шақырылған қонақтармен қатар, студенттер, жас мамандар өз ойларын ортаға салды. Солардың бірі колледждің арнаулы пән оқытушысы – Гүлжанат Данабек.

Ол Тұңғыш Президенттің өз уәкілеттілігін тоқтату туралы шешімі, кезектен тыс Президент сайлауының өтуі тарихта қалатын оқиға екендігін айтып, мұндай жауапты сәттерде жастардың белсенділігі де сыналатындығын атап өтті.

– Мен өзім елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты, қазақстандықтардың әл-ауқатының, тұрмыс жағдайының өсуін, жастар-

ды қолдау шараларының жалғасуын қамтамасыз ететін Президент сайлауына міндетті түрде қатысып, аймақ жастарын баянды болашақты бірге таңдауға шақырамын, – деді.

Ал, қолдау оқытушысы Бекболат Айтматов Президент сайлауы еліміздің одан әрі даму тәуелсіздігіне қатысты бірінші қадам болып табылатынын атап өтті.

– Президент сайлауының өтуі елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлттаралық келісімді сақтауда маңызды рөл атқарады. Қазақстан – Орта Азиядағы көшбасшы, әрі тұрақтылықтың символы болып саналады. Кезектен тыс Президент сайлауының тағы бір ұтымды тәсілі – елдегі тұрақтылықты сақтап қалуға жол ашып қана қоймай, Қазақстан үшін сындарлы жана кезеңнің бастауы болмақ, – деді.

Дөңгелек үстелде колледж жастары алдағы сайлау науқанына белсенді қатысу баянды болашаққа жасалған қадам деген түйін жасады.

САЯСИ НАУҚАННАН СЫРТ ҚАЛМАУ КЕРЕК

Қызылорда облысы бойынша іскер әйелдер қауымдастығы жанынан құрылған саясаткер әйелдер клубы кезектен тыс Президент сайлауын қолдайды. Бұл туралы клуб төрайымы Рахима Ахметова ашық пікір сайысы алаңында хабарлады. Жылында қатысушылар орын алып жатқан саяси реформалар жайында айтып, сайлаудың ел болашағы үшін маңызды орасан екенін жеткізді.

– Қазақстан – әлем алдында өз орнын қалыптастырған мемлекет. Сондықтан болар, қазір дүниежүзінің назары бізде. Бұл орайда ішкі ғана емес, сыртқы саясатта да ұтымды үніміз мерзімінен бұрын өткізілетін сайлаудың маңызды зор. Демократиялық үрдіске сайес

кеңестерде, жастармен достарымен мерекелік дастарханға жиналып отырып, бірлесіп жұмыс істейтін студия ашты.

– Бұл біздің отбасылық бизнесіміз. 2014 жылдан бастап кәсіпкерлікке тіркеліп, өз қаражатымызға алғаш рет қондитерлік өнімдерді дайындау үшін қажетті қоспалар мен құралдар қажет екені белгілі емес пе! Ал сіз іздеген осындай жабықтар қаладағы «Q ASDEKOR» сауда белгісімен танылған дүкенде толып тұр. 2017 жылы кәсіпкерлік қолдауға «Даму» қоры «Қазақстан Халық Банк» АҚ бірлесіп, «Даму-Сырдария» аймақтық бағдарламасы арқылы 8,3% несие алуға көмек көрсеткен. Осы

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ: БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ – ТАБЫС ТАБУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Тұрғындардың әлсіз топтарына материалдық көмек көрсету мәселелері бойынша Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевпен сұхбат

Қызылорда облысында көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларына қосымша қолдау көрсету жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған өңірлік әлеуметтік Жол картасы жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда аймақтардағы жергілікті биліктің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – көпбалалы аналар мен отбасыларға көмек көрсету. Бұл – сондай-ақ, әлеуметтік желілерде көп талқыланатын тақырыптардың бірі. Қармақ па, әлде балық па? Бұл мәселе фейбукті пайдаланатындар үшін тоқтаусыз пікірталас тақырыбына айналды.

Ал, әкімдіктер болса өмірдің ауыртыпшылығына дұшар болған отбасыларына көмек көрсету үшін өңірлік бюджеттердің ішкі резервтерінен қаржы тауып, көпбалалы отбасы мүшелерін жұмысқа тұрғыза отырып, материалдық көмектің қай түрі болмасын, ол жалақыны алмастыру емес, тек табысқа қосымша қолдау ғана екенін ретімен түсіндірді.

Дегенмен, көпбалалы отбасыларға бұл көрсетіліп жатқан көмектің тегін сыйлық тартқанша етпей қалай көрсеткен дұрыс?

Бұл сұрақты Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевқа қойған едік.

– Қырымбек Елеуұлы, көпбалалы отбасыларға мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту бүгінгі күні қазақстандық қоғамдағы ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі болып отыр. Бұған қоса, көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету де ең бір өзекті мәселеге айналды. Бұл мәселе Қызылорда облысында қалай шешіледі?

– Халықтың әл-ауқатының жақсы болуы біздің мемлекетіміз үшін әр уақытта да негізгі басымдықтардың бірі саналады. Айта кету керек, көпбалалы аналардың мәселесі бұл жаңадан пайда болып отырған мәселе емес. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы шаралар қабылданған шешімдерді жетілдіру мен жүйелеу бойынша жүріп жатыр деуге болады.

Алайда, бұл жағдайда әлеуметтік саясат масылдық көңіл күйдің пайда болуына жол бермей тиіс. Көмек әсіресе, өте мұқтаж жандарға көрсетіліп, нақты адресік сипатта болуы керек.

Мәселен, Қызылорда облысында 36 мыңдай көпбалалы отбасы бар, оның 6 мыңдайы аз қамтамасыз етілген отбасылар. Әрбір көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасылар үшін



дербес әлеуметтік карталар дайындалады. Бүгінгі күні біз 3 мыңдай көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасылардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын зерттеп, көпбалалы және жалғызбасты аналарды мазалайтын мәселелердің санатын анықтадық.

Олардың ішінде, мәселен, бірінші кезеңде Қызылорда қаласында тұрғын жайға бейімделмеген үйлерде тұрып жатқан, көмек қажет ететін, тұрғын үйге өте мұқтаж 149 отбасы анықталды. Сондай-ақ, олардың мәртебесін анықтауды рәсімдеуде проблемалар бар, тіркеуге тұрмаған, көбісі қалалық әкімдікте үй кезегіне тұрмаған және т.б. Біздің қазіргі міндетіміз – оларға жан-жақты қолдау көрсету.

– Көмекке өте мұқтаж аз қамтамасыз етілген отбасы проблемаларын шешуге әкімдіктер бизнес-қауымдастығын жұмылдыруға. Сіз басқаратын өңірде кәсіпкерлер оларға қандай көмек көрсетіп жатқанымен белгісіз?

– Бізде мұндай отбасыларға облыстағы ірі және орта кәсіпорындар мен бизнесмендер куратор ретінде бекітілген.

Мәселен, биылғы жылдың наурыз айында Болат Өтемұратовтың жеке қоры есебінен осындай отбасылар үшін 100 пәтерлік 50 үй салу жөнінде меморандумға қол қойдық. Ал, жергілікті бюджет есебінен 50 пәтерлік 25 үй тұрғызылады.

Барлығы – 150 пәтер. Тұрғындар өздеріне қажетті құжаттарын рет-

ке келтіру үшін осы үйлердің бірінде шағын ХҚО орналасатын болады.

Айтпақшы, әрбір үйге электр жарығы, ауысу, кәріз жүйесі, газ, телефон желісі, автожол тартылады, сондай-ақ, үй жанынан 6 сотық шағын учаске бөлінеді. Үйлердің құрылысын рекордты мерзімде – 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне аяқтауды жоспарлап отырмыз. Және бұл тек басы ғана!

Мұнан бөлек біз тұрғындардың әлсіз қорғалған топтарына, оның ішінде көпбалалы отбасылар бар, алғашқы жарнапұл төлемейтін өңірлік «Орда» бағдарламасы арқылы мамыр айында облыс орталығынан «Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкі арқылы 248 пәтер сатып алу жөнінде құрылысшылармен меморандумдық келісім жасадық. Бірақ, бұл кезектілікпен жүзеге асырылатын болады.

– Қызылорда облысындағы құрылыстың және тұрғын үйді пайдалануға берудің қарқынына қарап, жақын арадағы табысқа қол жеткізу керек сияқты...

– Соңғы жылдары облыста тұрғын үй құрылысы өте жоғары қарқынмен жүргізілуде. Тек қана 2013-2018 жылдары бізде 3 млн шаршы метрдей тұрғын үй пайдалануға берілді. Өткен жылы біз аймақ үшін рекордты көлемде – 700 мың шаршы метр тұрғын үй тапсырдық. Ал, биыл өткен жылдың көрсеткішінен асып түспек ойымыз бар. Сонымен қатар, мен жоғарыда айттып кеткен көпбалалы отбасыларға арналған үйлерден бөлек, республикалық бю-

жет қаржысы есебінен көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасылар үшін тағы да 431 пәтер салу жоспарымызда бар. 205 пәтер сатып алу құқығынсыз жалға берілсе, 226 пәтер сатып алу құқығымен жалға беріледі.

Мұнымен бітпейді. Біз, қайталамас үшін, Үкімет тарапынан республика деңгейінде көпбалалы отбасыларын қолдауға арналған іс-шаралар пакетінің қабылдануын күттік. Содан кейін ғана облыста көпбалалы аналар көтерген мәселелерді сараптау қорытындысымен үстіндегі жылдың 18 наурызында өзіміздің аймаққа арналған көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларына қосымша қолдау көрсету жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған өңірлік әлеуметтік Жол картасын қабылдадық. Сонымен қатар, бүгінгі күні бекітілген облыс бюджеті аясында өзінің шағын бизнесін дамыту үшін жаңа бизнес идеяларға қайтарымыз грант беру қарастырылды. Сол секілді әлеуметтік әлсіз отбасыларының балаларына жоғары оқу орындарында оқуға облыс әкімінің 200 гранты бөлінеді. Сауықтыру лагерлерінде көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының демалысын ұйымдастыру, осындай отбасылардағы 25 мыңдай оқушы баланы мектепке баруға киіммен қамтамасыз ету және т.б шаралар бар.

– Әлеуметтік желілерде «Қайсысы дұрыс, балық па, әлде қармақ па?» деген пікірталас тар жайында болып тұрды. Сіз қандай пікірді ұстанасыз?

– Менің ойымша, материалдық көмектің барлық түрі негізгі кіріс көзі емес, бұл тек ата-аналардың табысына қосымша қолдау шаралары ғана болуы тиіс. Сондықтан, біздің міндетіміз отбасылардың табыс табуына жағдай жасау, жаңа жұмыс орындарын құру, өзінің жеке ісін ашуына, жаңа мамандық алуына мүмкіндік жасау және т.б шаралар. Біз бүгінгі күні осы бағытта жұмыс жүргіздеміз, мысалы, жаппай кәсіпкерлікті дамытудамыз.

Осы мақсатта әкімдіктің, мәжілістің, «Nur Otan» партиясы филиалының, Қоғамдық кеңес және өңірлік кәсіпкерлер палатасының бірлескен шешімімен біз облыста жаппай кәсіпкерлікті дамытуды ұшықылдығын жарияладық. Тек биылғы жылдың өзінде осы мақсатқа облыстық бюджеттен, түрлі даму институттары мен екінің денгейлі банктерден 34 млрд теңге бағытталды. Бұл шаралардың барлығы да жаңа жұмыс орындарын құруға, салық базасын кеңейтіп, жергілікті бюджеттерді нығайтуға, жалпы қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз етуге жұмыс істейтін болады.

«Интер» газеті, 23 сәуір, 2019 ж.

АКТСПА

АУЫЛДАҒЫ АУҚЫМДЫ АКЦИЯ

Сейсенбіде елімізде кең ауқымды денсаулық акциясы басталды. «Медицина жанымызда!» ұранымен өткізілетін шара 6 мамырға дейін жалғасатын болады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Оның мақсаты – ауруханаға жоқ шалғай ауылдар мен елді мекен тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, дәрігерлерден құралған бригадалар арқылы медициналық және консультативтік көмек көрсету, келер жылдан бастап қолданылатын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы кеңінен ақпарат беріп, жаңа жүйенің ерекшеліктері жөнінде түсінік дүр жүйестерін жүргізу.

Өңірмізде аталған акция Сырдария ауданындағы Қалқан ауыл ауылынан бастау алды. Бұл күні медициналық бригада құрамындағы жалпы тәжірибелік дәрігерлер, педиатр, терапевт, хирург, невропатолог, кардиолог, эндокринолог, стоматолог мамандар тұрғындарды қабылдады. Дәрігерлік тексеру барысында келушілердің қан қысымы өлшеніп, қандағы қант пен холестерин мөлшері анықталды және

дегенді естіп таңертең осы жерге ертерек келдім. Өзім екі жылдан бері жүрек ауруынан есепте тұрамын. Қан қысымым жиі көтеріліп кетеді. Жаңа да көтеріліп тұр екен. Дәрігерлер қарап, алғашқы көмек көрсетті, дұрыс тамақтану, ем-шаралар туралы кеңес берді. Кардиологтан басқа да мамандарға қаралдым. Бұл дәрігері жок біздің ауыл тұрғындары үшін өте тиімді шара болды деп ойлаймын. Ұйымдастырушыларға үлкен рахмет, – деді ол.

Жалпы, Сырдария ауданына қарасты 14 ауылдық округте тұратын 36 мыңнан астам тұрғынға ауылдық аурухана, емхана, 3 фельдшерлік акушерлік пункт, 1 медициналық пункт және 9 дәрігерлік амбулатория қызмет көрсетеді, оларда 700-дей адам жұмыс жасайды, оның ішінде 85-і дәрігер. Аудан облыс орталығына жақын болғанымен, 13 аудандық округтің алтауы Сырдария өзенінің арғы бетінде орналасқан. Бұл өз кезегінде тұрғындардың ауылдық емханаға дер кезінде қаралуына кедергі келтіреді. Сонымен бірге ауылдық амбулаторияларда жоғары білімді дәрігерлер жетіспеушілігінің де бары жасырын

емес. – Өткен жылы ауруханада жаңадан 5 бөлімше ашылды. Олар қабылдау, оналту, мейіргерлік күтім, гинекология бөлімдері және екінің денгейлі перзентхана. Ал емханада профилактикалық бөлім, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кабинет және СаП орталығы ашылды. Қазіргі таңда құрамында тар буынды мамандар, психолог, әлеуметтік кәсіпкерлер бар мобильді топ құрылып, 14 елді мекенге шығып, көмек көрсетті. Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар бізде үздіксіз жүргізіліп келеді. Тек бұл акция аясында емес, біздің мобильді топтар сенбі күндері кесте бойынша ауылдарды аралап көмек көрсетеді және медициналық кепілді көмек бойынша тегін дәрі-дәрмектер, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, саламатты өмір салтын ұстану бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жолға қойылған, – деді аудандық орталық аурухана бас дәрігері Нұржамал Мырзағалиева.

Аталған акцияның аймағымызда басталуына орай өнерпаздар ән-жырдан шашу шашты.

БЕРЕКЕЛІ «BALQAIMAQ»

Отбасылық кештерде, жастармен достарымен мерекелік дастарханға жиналып отырып, бірлесіп жұмыс істейтін студия ашты.

– Бұл біздің отбасылық бизнесіміз. 2014 жылдан бастап кәсіпкерлікке тіркеліп, өз қаражатымызға алғаш рет қондитерлік өнімдерді дайындау үшін қажетті қоспалар мен құралдар қажет екені белгілі емес пе! Ал сіз іздеген осындай жабықтар қаладағы «Q ASDEKOR» сауда белгісімен танылған дүкенде толып тұр. 2017 жылы кәсіпкерлік қолдауға «Даму» қоры «Қазақстан Халық Банк» АҚ бірлесіп, «Даму-Сырдария» аймақтық бағдарламасы арқылы 8,3% несие алуға көмек көрсеткен. Осы

Оннан аса жұмысшымыз бар. Екі шағын жүк тасытын көлікпен тапсырыс берушінің сұранысын дер кезінде орындаймыз, – дейді дүкен директоры.

Тек бір бағытта жұмыс жасайтын кәсіпкер, әр мерекеде қондитерлік өнімдерге сұраныс мол екенін айтады. Келешекте кәсіпкер қалада аталған шикізатпен қамтитын дүкендер санын арттырмақшы.

Аймақта 2018-2020 жылдар өңірде жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы ретінде жарияланғаны белгілі. Аталған бағытта бытыр кешенді «Жол картасы» әзірленіп, әртүрлі қаржы көздерінен 32 млрд теңгеден астам қаражат тартылды. Оның ішінде шағын несиелендіру саласына 4,6 млрд теңге, екінші

денгейлі банктер арқылы тұрақты бизнесстерге 14,2 млрд теңге, қайтарымыз гранттар беру бағытына 200 млн теңге бөлінген.

Биылғы жылы жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағытында кешенді «Жол картасы» қайта бекітіліп, әртүрлі қаржы көздерінен 34 млрд теңге жұмылдырылды. Бұл қаражаттың 5 млрд теңгеден астамы «Start-up» жобаларға бағытталуда. Сондай-ақ жыл көлемінде 1500 адамды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және тұрақты бизнестің 200-ден астам жобасын несиелендіру қамту қарастырылған. Сонымен бірге шағын бизнестің 500-ден астам жобасын несиелендіру, 800-ден астам шағын бизнес субъектісін гранттармен қамтамасыз ету жоспарлануда.

САРАПШЫЛАР МҰНАЙШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

2020 жылдан бастап қызметкерлер, азаматтардың жеңілдікті сақтандыру қоспағанда, медициналық сактандыру қорына есептелген табыстың 1%-н аударуға міндетті. Биыл жұмыс берушілер өз қаражаттарынан қызметкерге есептелген кірістің 1,5% мөлшерінде шешім жасайды. Бұл туралы «ҚазірМұнай» БҚ» ЖШС ұжымымен кездесуде әлеуметтік медициналық сактандыру қорының облыс бойынша филиалының мамандары хабарлады.

Еліміздегі ірі мұнай өндіруші компанияларының бірі саналатын серіктестікте негізінен ұлыс тұрғындары еңбек етеді. Айта кету керек, мұндағы еңбек ұжымына үнемі қамқорлық көрсетіліп келеді. Компания өз қызметкерлеріне сыйақы береді, қызметкерлердің балаларын оқуында қаржыландырады, сондай-ақ ұжым медициналық сактандырумен қамтылған.

Міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру пакетіне кірмейтін медициналық қызметтердің жекеменшік түрінде ерікті медициналық сактандыру арқылы төленуі мүмкін. Мысалы, ересектерге арналған стоматология, зиянды өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлер үшін міндетті мерзімдік тексерулер, санаториялық-курорттық емдеу және т.б. «Барлығы кәсіпорынның қалауы мен қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты», деп атап өтті қор сарапшылары. Жеке тұлға немесе кәсіпорын (ұжымдық шарт негізінде) МӘМС пакетінде қызметтерді қайталамайтын ЕМС қызметтер пакетін таңдай алады.

МӘМС пакетіне ересектер мен балаларға арналған тегін медициналық көмектің кепілдірілген көлемі пакетіне кірмейтін медициналық қызметтер кіреді. Бұл жоспарлы стационарлық, стационарлық алмастыратын көмек, медициналық оналту, амбулаторлық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, қымбат зертханалық, диагностикалық қызметтер және т.б.

ТМҚК пакетінің мақсаты – шұғыл және кезек күттірмейтін жағдайларда әрбір адамға көмек көрсету, жалпы қоғам үшін маңызды бар ауруларды бақылауға ұстау.

«Әлеуметтік медициналық сактандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының халықты ақпараттауды және өтіншілерді қарау жөніндегі бөлімі.



ҰЛТТЫҚ ҰЛАН ҰЛАҒАТЫ

Назерке САНИЯЗОВА.

Шара ҚР Ішкі істер министрлігінің бастамасымен, облыс әкімі Қырымбек Кошербаевтың қолдауымен «Біздің Елбасы» акциясы аясында ұйымдастырылды. Мақсат – Елбасының «Болашақ бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының мәнін ашып, маңызын байыта түсу.

Концерттік бағдарламаның алғашқысында ҚР Ұлттық ұланы бас қолбасшының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, генерал-майор Мұхамметқали Сәтов аға бұрынғы жауынгерлік дәстүрлерін Ұлттық ұлан сапында қызмет етіп жүрген жастар лайықты жалғастырып келе жатқанын айтты. Бүгінде олар қала көшелеріндегі қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен, терроризммен күрес, мемлекеттік маңызды нысандар мен түзеу мекемелерінің тыныштығын қамтамасыз ету, сотталған азаматтарды айдауында секілді жауапты міндеттерді атқарып жүр.

Рухты көтеріп, отансүйіштігі сезімді оятатын ән-күйлер орындалған концертте ансамбль өкілдерімен бірге жергілікті өнерпаздар да өнер көрсетті. Олардың қатарында «Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамы» жанынан құрылған өнерпаздар тобының мүшелері, қоларбадағы би сайысынан биылғы ел чемпионатының күміс жүлдегері

1-бет

Роза Смағұлова, 2016 жылы «Үздік әнші» атанған Диана Смағұлова, сонымен қатар Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің балалар хоры бар. Концертті тамашалауға келген көпшіліктің ықыласы жоғары болды.

Үшкүндік сапар аясында өзге де бірқатар шара ұйымдастырылды. Ұлан жауынгерлерінің ерлігі мен қайсарлығы туралы бұған дейін тұңғыш «Алтыншы бекет» көркем фильмді түсірілгені белгілі. Аталған туынды көрермен көңілінен шығып, аудиторияға кеңінен таралды. Картина сюжеті 2010 жылдың 22 маусымы күні Ақтау қаласында болған оқиға негізделген. Ұлттық ұлан жауынгері Ербол Отарбаевтың қатан тәртіптегі колониядан қашпақ болған 21 жазасын өтеушіге жалғыз өзі төтеп беріп, жанқиярлық үлгісін көрсеткені елдің есінде. Осы ерлігі үшін ол Мемлекет басшысының Жарлығымен III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Жыны барысында зиялы қауым өкілдері ел тыныштығын қорғау – ер азаматтың абыройлы борышы екенін жастардың есіне салды. Ұлттық ұлан басылымы бұл күндері мүмкіндігі шектеулі жандар мен қарттарды да елеусіз қалдырмай, «Ән-би ансамблі №1 Қызылорда әлеуметтік қызмет көрсету орталығында (қарттар үйі) концерт берсе, генерал-майор М.Сәтов Ұлы Отан соғысының ардагері Мақсұт Сырғалиевті алдағы Жетіс күнімен құттықтап, сый-сиянап жасады.

қаз тапқандар арасында қатардағы жауынгер Е.Әбдиев те бар еді. Кейін марқұмдардың барлығы екінші дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Жыны барысында осы оқиға негізінде фильм түсіру жоспарланып отырғаны айтылды. Ұлттық ұлан жауынгерлерінің ерлігі мен қайсарлығы туралы бұған дейін тұңғыш «Алтыншы бекет» көркем фильмді түсірілгені белгілі. Аталған туынды көрермен көңілінен шығып, аудиторияға кеңінен таралды. Картина сюжеті 2010 жылдың 22 маусымы күні Ақтау қаласында болған оқиға негізделген. Ұлттық ұлан жауынгері Ербол Отарбаевтың қатан тәртіптегі колониядан қашпақ болған 21 жазасын өтеушіге жалғыз өзі төтеп беріп, жанқиярлық үлгісін көрсеткені елдің есінде. Осы ерлігі үшін ол Мемлекет басшысының Жарлығымен III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Жыны барысында зиялы қауым өкілдері ел тыныштығын қорғау – ер азаматтың абыройлы борышы екенін жастардың есіне салды. Ұлттық ұлан басылымы бұл күндері мүмкіндігі шектеулі жандар мен қарттарды да елеусіз қалдырмай, «Ән-би ансамблі №1 Қызылорда әлеуметтік қызмет көрсету орталығында (қарттар үйі) концерт берсе, генерал-майор М.Сәтов Ұлы Отан соғысының ардагері Мақсұт Сырғалиевті алдағы Жетіс күнімен құттықтап, сый-сиянап жасады.

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

КІТАП – АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ АЗЫҒЫ

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітап Fest - 2019» кітап фестивалі өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысып, атаулы күнге орай кітапсүйер қауымға лебізін білдірді.

Құндылықтарды қалыптастырып, адамдық шыңына шығаратын кітап фестивалінде оқырмандар бірнеше бағыттағы бағдарламаларды тамашалады. «Open Space: Кітапхана жастар көзінмен...» ашық сұхбат алаңында маңызды сауалдар талқыға түсіп, қонақтар сүйікті кітаптарын оқырмандарға ұсынып, пікірлерін білдірді. Ал «Қазақстанның болашағы – жастар» атты ашық микрофон алаңында қа-



зақ гуманитарлық заң және техникалық жоғары колледж оқушысы Талғат Аманкелдіұлы, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың техника ғылымдарының магистрі Нұрбек Жаппарбеков, химия ғылымдарының кандидаты Нұрғали Ақылбеков, философия докторы Нұрәлі Нұрғалиев және «Болашақ» университетінің «Ойдария» пікірсайес клубының бел-

сенді жастары ұлттық сананы жаңғыртудағы жастардың ролі, жаңа технологиялар, робототехника, цифрландыру тақырыптарында идеяларымен бөлісті.

Сондай-ақ, адамзаттың рухани азығы – кітап күнінде оқырмандарға «Өнер қиылысында» арнайы мольберттерге сурет салуға мүмкіндік жасалып, «Шеберлер ауласында» әшекей бұйымдар

дайындаудан шеберлік сабағы өткізілді. Қонақтар мұнан өзге «Домбыра Party», «Жастар жырлайды» атты поэзия кешін, «Жастардың да айтары бар» жас ақындар айтысын тамашалап, «Кітаппен өмір шуақты» интеллектуалды-танымдық ойынына қатысты.

«СБ» ақпарат. Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

ҰЛЫ ДАЛА ӘУЕНДЕРІ КҮМБІРЛЕДІ



Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында тарихи сананы қайта жаңғырту үшін «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылғы» жобасын ұсынған еді. Осы жобаға орай Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейде 150-ге тарта оқушының қатысуымен «Ұлы даланың көне әуендері» атты лекция-концерт өтті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Музыкалық дәстүрлі қайта жаңғырту мақсатындағы шара ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралары қатарына енген Қорқыт күйлеріне арналды. Өңірлік «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен өткен концертте Қазанғап атындағы му-

зыкалық колледждің оқытушылары мен студенттері оннан астам күйді сахнада орындап қана қоймай, шығу тарихын да тарқатып түсіндірді.

– Тұңғыш Президент ұлттық сананы қайта жаңғыртуға бағытталған мақаласында өткен мыңжыл-

дықтағы мұраларымызды, мәдениетімізді дамыту үшін бірқатар міндет жүктелді. Біз бүгінгі буын, жасөспірімдердің санасын қалыптастыру ісінде ұлттық өнер, музыка, әдебиет тарихына баулуға баса мән беруіміз керек. Сұхбат концертте Қорқыт күйінің аңыздарын бүгінгі өмірмен байланыстыруға тырыстық. Қаладағы бес мектептің 5-6-сынып оқушыларын жинап, Қорқыт

орталығының бөлім басшысы Әліма Жақыпқызы. Лекция концертте ұлы өмірден өткен мұңды ана мен иесінен айрылған Ұшар атты тазының күйін бейнелеген «Ұшардың ұлуы», Желмаяның желісін еске түсіріп, терен ойға жетелейтін «Қорқыт», аяғы қарындасына тиіп кетіп, «мені жерлегенде, башпайымды сыртқа шығарып көмілер» деп өсиет еткен Қорқыттың



күйлерін, музыка тарихын түсіндірудегі мақсатымыз ұлттық өнерге жақын жана лекті қалыптастыру, – деді өңірлік «Рухани жаңғыру»

«Башпай» күйі, сондай-ақ «Әуешті» күйі, Ықыласың «Жез күйі», Әлқұт Қазқабаттың «Шабыт» күйі орындалды.

TARIN SHEJIRESI SYR SHERTEDEI

ЖИҺАНКЕЗ БЕ, ТЫҢШЫ МА?

XIX ғасырдың екінші жартысында Орта Азия мен Қазақстан жері Ресей, Еуропа елдерінің, әсіресе Ұлыбританияның саяси тартыс алаңына айналған еді. Бұл мемлекеттер ұлан-ғайыр жерді өзіне бағындырып, экспансиясын жүргізу үшін кең далаға барлаушыларын жіберді. Солардың бірі көпшілікке таныс ғалым Арминий Вамбери (1832-1913 жж) болатын. Одан ешкім күмәнданбайтын, түркітанушы ретінде оның білімділігіне ешкім шүбә келтірмейтін. Ортаазиялықтар Вамбериді ардайым құшақ жая қошметтеп қарсы алған еді. Алайда, мажарлықтар Англия тыныштық қызметін атқару үшін жалпап алғаны кейін мәлім болды.

Англия мемлекеті Вамбериді Ыстамбұлдағы уәзірлікке арнайы дайындап өткізді. Түрік тілін, ислам қағидаларын үйренеді. Тыныштыққа тыңғылықты дайындағаны соншалық, зиялы ортада ол шейх ретінде танылады. Арада үш жыл өткенде Николай I патшаның Еуропадағы өкілі Түркиядағы Осман империясының билеушісіне хат жолдайды. Онда Арминий Вамбери есімді мажарлық ғалымның Орта Азияны барлауға дайындал жатқан ағылшындардың тыныштық екенін айтып, Алайда, хат Түркияға жеткізілгенше, Вамбери сапарға кетіп қалады. Ол Хижаздан Орта Азияға келе жатқан бір топ қажыларға қосылып, түркі мұсылмандарға өзін ғалым, қажы деп таныстырады. Қажы атаулының қатты құрметтейтін түркілер оның үстіне шапан жауып, жағдайын жасайды.

Вамберидің тіпті Түркістанда болып, Майлықожа ақынмен де кездескені көпшілікке мәлім. Самарқан, Бұқарадағы діни білім беру жүйесін зерттеп, жазып отырады. Ал хатты әдетте арабша графикамен жазғанымен, мазмұнын мажарша екенін аңғару қиына соқпайтын еді. Бір таңқаларлығы, Осман импе-

риясының күштері танымаған Вамбериді Бұқараның әмірі біліп қояды. Оқиға былай болған көрінеді. Бұқара әмірі оны қажы деп сыйлап, ордасына шақырады. Ас үстінде оның құрметіне күй тартқызады. «Дәруиш» күйдің ырғағымен бір аяғын және қолының саусақтарын қозғалтып отырады. Әмір оны байқап қалады. Күй біткесін әмір оған: «Сен мұсылман емессің», – дейді. Әмір оған оның жансыз екенін және түркі емес екенін айтады. «Дәруиш» мойындамайды. Содан аңтан болған дәруиш түсінбей себебін білгісі келеді. Нәтижесінде бұлай ойлайтынын сұрайды. Сонда әмір: – Түріктер һәм мұсылмандар музыканы жүрегімен тындайды, жүрекке әсер етеді. Кеуде – жүректің бесігі. Әуен сол бесікті тербетеді. Сол кезде кеудемізді қозғалтып, басымызды шайқаймыз. Ал, сен жансызсың. Себебі, аяғыңды қозғалтып отырдың. Күй ырғағына қосылып қолды, аяқты қимылдату нәсіпін қалауы болып саналады. Мұндайды түркілердің жаны сүйемейді, – дейді.

Арминий Вамберидің мойындамақса лажы қалмайды. Әмір: «Сен менің қонағымсың, сондықтан саған тиіспеймін, бірақ сен осы түрде қараңды батырып, түркі даласынан кететін бол, әйтпесе, сені бірден өлім жазасына кесемін», – дейді. Содан Вамбери табанын жалтыратады.

Өкініштісі сол, мажарлық ғалым Бұқарада өмірмен кездескенде дейін біраз дүние жазып үлгерді, сараптама жасады, көрген, білгенін, түйгенін анық та ашық жазды. Орта Азияны кімдер жаулап алды, қалай үстемдік құруға болады, басып алғаннан кейін не

істейді... Бәрін-бәрін сараптағанды. Орталықазиялық түркілердің, соның ішінде қазақтардың дүниетанымын, психологиясын қағазға түсірді. Сондай-ақ ол түрік, парсы, өзбек, түрікмен, татар тілдерін меңгерді, мұсылмандық дәстүрге қанықты. Бір сөзбен айтқанда, көздеген мақсатына жетті. Осы сапарынан кейін Арминий Лондонға барады. Англия билігі 1864 жылы оның «Орта Азия сапары» деген кітабын жарыққа шығарып береді. Ол 1885 жылы неміс, орыс тіліне аударылды.

Қуаныштысы сол, Арминий Вамбериді қанша жерден тыңшы десек те, 19-ғасырдың екінші жартысындағы түркілердің тыныс-тіршілігі туралы дерек қорын қалдырып кетті. Бүгінде оны, еңбектері талай зерттеушінің «азығына» айналып отыр.

Бір айта кетерлігі, әр мемлекет сондай-ақ өз елінің ғалым, ақын-жазушыларын да жансыз ретінде қайтып алған. Өйткені, олар күмән туғыза қоймайды. Ашы да болса тыныштық, Орта Азия мен Қазақстанды барлау ісінде Англия кешігіп қалды. Ресей империясы XIX ғасырда-ақ «ағартушылық жұмыспен айналысу үшін» орыс зиялыларын Пржевальский, Семенов Тянь-Шанский, Козлов, Бухгольц, Джон Кэстл, Арсеньевтерді қазақ даласына жібергені тарихтан белгілі. Олардың алдында бір ғана мақсат болды, ол – Ресей империясы бұратана санап келген қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, ойлау қабілеті пен қорғаныс тәсілін зерттеу еді.

Ресей империясының Орта Азия мен Қазақстанға көз тігуі осылай басталды... Ж.Ә.ІМАХАН.

ХАБАРЛАМАЛАР

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-20-03) «Майбулақ кенішіндегі №42, 43, 44 ұңғымаларына баратын кірме автожолдар салу» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманы мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-03-03) «Қызылқина кенішіндегі 154, 155, 156, 157, 158, 360 ұңғымаларына баратын кірме автожолдар салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhorat.murzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-20-02) «Майбулақ кенішіндегі №42, 43, 44 ұңғымаларын электрмен жалбықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманы мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

КӨҢІЛДЕН ӨШПЕС НҰРЛЫ БЕЙНЕ



Қамшының сабындай ғана қысқа гүмүрда кімдердің жаны қайғыға оранбалы десенші?! Шаңырағымыздың тірегі, сүйікті жар, балаларының асқартауы, аяулы ұлымыз Дәулетжан Базарбайұлы Нағыманов осы жылдың 16 сәуірінде 48 жасында ауыр науқастан өмірден озды.

Баламыз Дәулетжан 1971 жылдың 15 маусымында Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылында дүниеге келген. 1988 жылы Қармақшы ауданындағы №183 мектепті тәмамдап, Мәскеу авиациялық институтына түсті. Кейін 1994 жылы Жамбыл жері және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының Алматы филиалын «Инженер-механик», 2013 жылы Қазақ инженерлік-техникалық академиясын «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша бітірген. Жоғары оқу орнын бітірген соң, облыс аудандарында өз мамандығына сәйкес қызмет атқарды.

Жаны жарсаң ардақтымыз дос-жаранмен етене араласып, сыйласып, ағайын-туыстың ысуауыр науқастан өмірден озды. Алланың ісіне қолдан келер қайран бар ма?! Ендігі жерде ұлымыздың жасамаған жасы мен қорғемген қызығын артында қалған екі ұлы – Талғат пен Мақсат, асылы жары Гүлшат көрсін дегіміз. Баламыздың алды жарық жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын. Сенің нұрлы бейнең жүрегімізде мәңгі сақталды.

Нағымановтар әулеті.

МАМАН ҚАЖЕТ

Жедел түрде экскаваторщик, автокрановщик және кірпіш зауытына жұмысшылар қажет. Жатын орын және тамақпен қамтамасыз етіледі. Байланыс тел.: 87770582469. (3-1)

«Сыр бойы», «Қызылорданың весті», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52, 40-11-10 (1058) телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Footer containing social media links (Facebook, Twitter, Instagram), contact information for SYRBOY.KZ, and a QR code.